

*Абдимомынов Е.Б.,¹ Куттыбаев Ш.Д.²

¹*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан*

PhD докторанты, edil889@mail.ru

²*Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

PhD докторанты, shokan-kuttybaev@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ (XX ғасыр мен тәуелсіздік кезеңінде)

Аңдатпа

Мақалада қазақ қоғамында аламағайып өзгерістер мен ауқымды жаңалықтарға толы кезең болып табылатын XX ғасырдың басындағы әдебиеттану ғылымындағы жаңашылдықтар мен Алаш арыстарының шығармашылықтары туралы пікірлер ұлттық поэзияның шеңберінде тыңғылықты сараланады. Сондай ақ, аталмыш кезеңдегі ақындардың мұраларындағы бостандыққа, ағартушылыққа, саясатқа, рухани құндылықтарға, жалпы халықтың жағдайы мен қоғамдық өзгерістерге қатысты туындылардағы орамды ойлары тәуелсіздік идеясы мен сабақтастықта қарастырылады. Қазақ әдебиетінің эволюциялық даму жолындағы XX ғасырдың басы мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі кезең мен Тәуелсіздік жылдарындағы ақындар поэзиясының көркемдік қуаты, тақырыптық-идеялық сипаты, мазмұндық, стильдік ерекшеліктері жан-жақты талқыланады. Сонымен қатар, XX ғасыр мен Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындардың шығармалары әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық категориясының негізінде қарастырылып, соның аясында жан-жақты сипатталады. Яғни ұлттық поэзиямыздағы өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың қасиет-сипатын, типтік тұрғыдан саралап көрсететін шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері әр кезеңдегі ақындар шығармашылығымен байланыста талданып, дәстүр мен жаңашылдық сипатында одан әрі айқындала түседі.

Түйін сөздер: поэзия, дәстүр, жаңашылдық, рухани құндылық, ақын

**Abdimomynov E.,¹ Kuttybaev Sh.²*

¹*Taraz Regional University named after M.Kh.Dulati,
Taraz, Kazakhstan*

Doctoral PhD student, edil889@mail.ru;

²*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

Doctoral PhD student, shokan-kuttybaev@mail.ru

TRADITION AND INNOVATION IN MODERN KAZAKH POETRY (XX century and independence)

Abstract

The article analyzes views on innovation in the literary science of the early twentieth century and the work of Alash representatives in an era that is a period filled with profound changes and large-scale innovations in Kazakh society. In addition, works related to freedom, enlightenment,

politics, spiritual values, the position of the people as a whole and social changes are considered the idea of independence and continuity. On the way of evolutionary development of the Kazakh literature, artistic power, thematic and ideological character, substantial and stylistic features of poetry of poets in the beginning of the XX century and during the Great Patriotic War, in subsequent years and years of independence are discussed in detail.

In addition, on the basis of literary traditions and novelty, the works of prominent poets of Kazakh poetry of the 20th century and Independence are considered and comprehensively characterized, i.e. internal motives, the content of life phenomena in national poetry are analyzed in close connection with the works of poets. The original vision of the traditional and differentiated in the literature of the Soviet period in the works of poets from a new perspective, from the point of view of today. In addition, the works of outstanding poets of Kazakh poetry in the period of the 20th century and independence are considered on the basis of classical tradition and novelty in literature.

Key words: poetry, tradition, innovation, spiritual value, poet

**Абдимомынов Е.Б.,¹ Куттыбаев Ш.Д.²*

*¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати,
Тараз, Казахстан*

PhD докторант, edil889@mail.ru;

*²Казахский национальный университет им. Абая,
Алматы, Казахстан*

PhD докторант, shokan-kuttybaev@mail.ru

ТРАДИЦИЯ И ИННОВАЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ (XX век и независимость)

Аннотация

В статье в рамках национальной поэзии анализируются мнения о новаторстве в литературоведческой науке начала XX века и творчестве представителей Алаш в эпоху, являющейся периодом, наполненным глубокими изменениями и масштабными новшествами в казахском обществе. Кроме того, в произведениях, связанных с свободой, просвещением, политикой, духовными ценностями, положением народа в целом и общественными изменениями, рассматривается идея независимости и преемственность. На пути эволюционного развития казахской литературы подробно обсуждаются художественная сила, тематико-идейный характер, содержательные, стилистические особенности поэзии поэтов в начале XX века и в годы Великой Отечественной войны, в последующие годы и годы независимости.

Кроме того, на основе литературных традиций и новизны рассматриваются и всесторонне характеризуются произведения видных поэтов казахской поэзии XX века и Независимости, т.е. внутренние мотивы, содержание явлений жизни в национальной поэзии анализируются в тесной связи с творчеством поэтов. Оригинальное видение традиционных и дифференцируются в литературе советского периода в творчестве поэтов поэзияның точки зрения, по-новому, с точки зрения сегодняшнего дня. Кроме того, произведения выдающихся поэтов казахской поэзии в период XX века и независимости рассматриваются на основе классической традиции и новизны в литературе.

Ключевые слова: поэзия, традиция, нововведение, духовная ценность, поэт

Кіріспе. XIX ғасырдағы зар заман ақындарынан кейін ұлт руханияты мен мәдениетін, әдебиетін қолына алған тұлғалар жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлы тұлғаларымыз Алаш

арыстары мен өзге де ақын-жазушыларымыз болды. Бұл кезең тарихи, қоғамдық-саяси өзгерістер мен қатар қазақ әдебиеттану ғылымында небары 20-30 жылдың ғана көлемінде әдебиет айдынында болған жаңашылдықтарды суреттеумен де ерекшеленеді. Әдебиеттанушы ғалымдар арасында ерекше иждиһатпен аталатын бұл кезең өзіне дейінгі уақыттарда болмаған жаңалықтардың болуымен сипатталады. Мәселен, сонау сақ, ғұн, түркілер дәуірінен поэзиялық үлгіде қалыптасып, дамып келген әдебиетіміз осы кезеңнен бастап проза, драма, әдебиет теориясы, әдеби жанрлардың тууы мен қалыптасуы және т.б. жаңашыл бағыттарда даму үрдісін көрсетті. Сондай ақ, осы кезеңдегі поэзи өкілдері зар заман ақындарына қарағанда ұлттық мүдде, азаттық, тәуелсіздік секілді ауқымы кең идеяларды әр тарапта дамытып, оған ұлттық құндылықтарды қосып өркендетіп, жүзеге асырудың нақтылы жолдарын тап басып тани білгендігі анық. Пртия құру, газет шығару, кітаптар шығару, ұлт мектептерін көптеп ашу, оларда жұмыс жасайтын мұғалімдерді даярлау, мектептерде дүниауи пәндерді ашып, оларды оқытуға арналған тұңғыш оқулықтарды жазу сияқты ауқымды жұмыстардың да атқарылуы осы кезеңге тән ерекшелік. Бастысы қарахан бастарынан ұлт тағдырын биік қойып, ұлттық мұрат пен теңдік жолында күрескерлік танытқан, идеологиялық күрес жүргізген, қалам қайтаркерлеріміздің де осы кезеңде ғұмыр кешуі аталмыш уақыттың маңыздылығын арттыра түсті. Бүгінгі күнге дейінгі қазақ әдебиетінің осы кезеңіне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар оны әр түрлі атауды да ұсынып жүргендері аян. Мәселен, көрнекті ғалым М.Мырзахметұлы осынау кезеңді “Ояну дәуіріндегі әдебиет” деп атауды ұсынса, Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» [1, 4] – деп атады. Ал зерттеушілердің тағы бір тобы осы кезең әдебиетін «Алаш ұранды әдебиет», “Алаш әдебиеті”, “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” деп атауды ұсынып жүр. Бұл бағытта әр зерттеушінің алдыға тартып ұсынған өзіндік дәлелдері мен дәйектері, нақты аргументтері баршылық. Бастысы әр ғалымның зерттеуінде осы кезеңнің айтулы жаңалықтары, ұлт қайраткерлерінің болмысы, атқарған қызметтерінің шынайы көріністері, ұлттық руханиятымызға қосқан үлестері туралы тың деректердің бірінен-соң бірі ашылып жатқандығы көңіл қуантады. Сондықтан, біз де аталмыш кезең әдебиетіне ерекше тоқталып, ұлттық поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдыққа қатысты тұстарына талдаулар жасап, жан-жақты саралауға күш салдық.

Әдістеме. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен поэзияның тағы бір ерекшелігі онда өзіне дейін болмаған, болса да көркемдік қуат ала алмаған тақырыптардың жиі әрі өткір көтерілуінде болды. Мәселен, осы кезеңде ұлттық тілге, дінге, өнерге, сал-санаға, жалпы қазақы дүниетанымға, және оқу-ағарту тақырыптары өткір көретілді. Әсіресе толықтай бодан елге айналып ұлттық құндылықтарынан қол үзуге айналған халқымыздың надандықпен күресі, басқа да дамыған елдер секілді оқу, білімді игеріп ел игілігіне жарату, бір сөзбен айтқанда ағартушылық мәселесі өте өткір көрінді. Сөйтіп, Қазақ сахарасында XIX ғасырдан бастау алған ағартушылық-демократтық идеялардың қанат жайып өркендеуі XX ғасырдың басында жаңа серпінмен тың туындыларды дүниеге әкелумен толығы түсті [2, 9]. Бұл орайда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Ермеков және т.б. қайраткерлердің еңбектері айрықша елеулі болды. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыздың қайта түлеуіне, елдің есін жиып тәуелсіздікке ұмтылуына, білім-ғылымды игеріп мемлекетімізді демократиялық жолмен дамуына, әдебиеті пен мәдениет жүйесіне өзгеріс әкелуге бастарын қатерге тіге отырып тәуекел етті. Азаматтық қоғам тұрғысынан еркін ойлап, дүниеге сергек көзбен қарасақ зиялыларымыздың ұстанған бұл жолы, бағыты өте дұрыс. Олай дейтініміз, жалпы халықтың ой-санасы оянбай, саяси көзқарастары дұрыс қалыптаспаса, рухани тамырын дұрыс бағамдап танымаса ауқымды қоғамдық реформаларға бет бұру мүлдем мүмкін емес. Алаш қайраткерлері осындай үлкен реформалар жасап, ұлтымыздың тарихында, әдебиеті мен мәдениетінде үлкен дүмпу жасай білді. Осы кезеңде тарихымызда да бірнеше ірі саяси оқиғалардың да болғандығы белгілі.

Сыртқы және ішкі саясатымызда орын алған мұндай айтулы оқиқалар қазақ ақындарының шығармашылығына да өз әсерлерін тигізбей қоймады. Патшалық Ресей империясына өз ішінде жасалған қарсы толқулар, оған сыртқы күштердің әсерін көзбен көрген қазақ зиялылары да өз ұлтының өзге өркениетті, тәуелсіз елдердің қатарынан көрінуді аңсады, сол жолда өз ниеттерін іске асыруды мұрат тұтты. Оған жететін бірден-бір төте жол оқу, білім, яғни ағартушылық жолы деп білді. Мәселен, осы кезеңдегі шоқтығы биік ақын С.Торайғыров:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам [3, 68]

деп сол кезеңдегі толғақты, әрі өзекті мәселені өлеңмен өрнектеп жеткізді.

Алмағайып реформалар мен рухани ренессанс дәуірі болған осы кезеңде қазақ ақын-жазушылары шығыстық ағартушылық, батыстық ағартушылық, ағартушы-демократтық, және ұлт-азаттық бағыттағы ақын-жазушылар секілді бірнеше бағыттарға бөлінді. Зерттеушілердің пікірінше бұл салада бірізділік байқалмайды. Бірі үш бағытқа бөлсе, енді біреулері төрт бағытқа бөліп қарастырады. Аталмыш бағыттағы ақын-жазушыларымыздың бір бөлігі халықты дін арқылы, діни оқу арқылы ағартуды көздесе, тағы бір тобы жаңаша Еуропаша білім алып өркендетуді көздеді, ендігі бірі тобы бостандықты ту етіп еркіндікті жырлау арқылы халықты оятуға күш салды. Дегенмен, әр бағыт өкілдерінің бағыты бөлек болғанымен ұлттық мұрат пен мүддеге, күрескерлік пен ұлттық сананы оятуға, жалпы елді біріктіріп рухани өрлеуге жетелеуге келгенде бірізділік танытанындығы байқалады.

Мәселен, діни-ағартушылық немесе шығыстық ағартушылық бағыттың басында тұратын көрнекті өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

...Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын. Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын [4, 59]

--деп сол тұстағы орысотаршыларының діни ұстанымдарына қарсылық білдірсе, Батыстық ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі А.Байтұрсынұлы:

Қазағым елім,
Қайқиып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзінді оянып [5, 54]

– деп халықтың қалың ұйқыдан көзін ашу қажеттігін ашына жырға қосты.

Дегенмен, қазақ қаламгерлерінің отаршылдықты қаншалықты сынап, одан құтылудың қажеттігін жарлап, елді оянуға үндегенімен осы кезеңде бұрыннан қазаққа тізе батырып үйренген империялық билік өзінің сұрқия, солақай саясатын жалғастыра берді. Оның салдары ақындарымыздың шығармашылық ойлау еркіндігінен айырып, қуғын-сүргінге ұшыратуға, тіпті олардың ұрпақтарына да «халық жауының ұлы, қызы» деген секілді жалған айыптар тағылып қудалауға душар еткендігі де тарихтан белгілі. Осы кезеңде патшалық ресей, Кеңес империясы деп аталатын жаңа алып күшке ие болды. Бұл үкіметтің күшіне енген тұстағы қазақ поэзиясындағы дәуір тынысы социалистік жүйенің жақсылығын дәріптеуге мәжбүр болды. М.Жұмабаев, І.Жансүгіров сынды бірқатар реалистік ақындардың қоғамның күнделікті тыныс-тіршілігін суреттеп, өзі де, ойы да бұғауда жатқан қазақ қоғамының санасына сілкініс жасау мақсатындағы шығармашылық ізденістер оң нәтиже бергенімен олардың өздерін зұлматтың құрбанына айналдырды. Іле-шала соғыс өрті тұтанған кезде де қазақ ақындары майдан даласындағы кеңес әскерінің табыстарын жырлады. Бұл шақта қарт ақын Жамбыл Жабаев бастаған Қасым Аманжолов, Сырбай

Мәуленов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиева, Мәриям Кәкімжанова сынды поэзия өкілдері жарқырай көрінді. Бұл орайда майдандағы шайқастағы, ондағы жауынгерлердің ерен ерлігін, қалыптасқан ахуалды суреттеуде Қасым Аманжолов сынды майдангер-ақындардың өлеңдері шынайылығымен дараланды. Ал, Жамбыл Жабаевтың “Ленинградтық өренім” туындысы қоршаудағы кеңестік қала тұрғындарының ұранына айналды. Оның орыс тіліне аударылып қала көшелеріндегі бағаналарға ілінуі де қарт ақынның шығармашылық әлеуетінің жоғары екендігін білдіреді.

Нәтижелер. Жалпы қазақ әдебиеті үшін жауынгерлік, әскери поэзия таңсық тақырыптардың қатарынан емес. Оған жыраулар поэзиясы нақты мысал бола алады. Ал соғыстан кейінгі халық шаруашылығының қайта аяққа тұруы, өндіріс орындарының құрылуы, нағыз еңбек адамдарының образдарын жасаудағы жанрлық ерекшеліктер қазақ поэзиясына өзгешеліктер ала келеді. Дегенмен, бұл жанрлық алуантүрлілікте қазақ ақындарына еш қиындық туғызбады. Керісінше соғыстан кейінгі елдің жағдайынан хабар беретін үлкен поэтикалық туындылар өмірге келді.

Соғыс жылдарындағы қазақ ауылының тұрмысын жырға қосқан Мұқағали Мақатаев сынды ақындардың да туындылары да халық жүрегінен өз орнын таба білді. Мұқағали Мақатаев поэзиясының ықпалымен қазақ өлеңдеріне лирикалық сарын келді. Ақындар күнделікті тіршіліктен, заман ағымынан бөлек сүйіспеншілік, махаббат тақырыптарында өз жырларына арқау етті. Ақындар сонда да болса қоғамдағы өзгерістерді ішінара жырға қосу үрдісінен қол үзіп кете алмады. 1961 жылы қазақ даласынан ғарыш көгіне кеңес азаматының жол тартуын қазақ ақыны Олжас Сүлейменов “Адамға табын Жер енді” өлеңінде жырлады. Ал, Қасым Аманжолов ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қоғамының өзекті мәселесіне айналған баспана мәселесін жырға қосады. Ақын Әбділдә Тәжібаевтың 1984 жылы баспадан шыққан “Таныс дауыстар” деп аталатын жыр жинағындасоциалистік қоғамның ыдырай бастауы, соның есебінен кеңес адамдарының бойынан жат қылықтардың көп байқала бастағанын ашына жырына қосты.

Апырау, бұлне?
Неболып біздеркеткенбіз?
Қайдан шыққанбыз?
Қай жерге келіп жеткенбіз?
Айтсаңдаршы енді-
Кім болып осы кеткенбіз?

– деп жырлады қарт ақын.

Бүгінгі мен кешегіне салыстыра отырып жырлаған лирик ақын Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерінде де қоғамдық мәселелер, өз дәуіріндегі өзекті түйткілдер қылаң береді. Мәселен:

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен;
Бір жаманы – тынымыз көше берген,
Бір жақсысы қимаған даланы кең.
Біржаманы – жел сөзге ерген екен.
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.

Мұндай сарын Қазақ ақындары Ә.Тәжібаев пен Х.Ерғалиевтың “Мен кешеден келдім бүгінге”, “Жылдар, жылдар” деп аталатын поэмаларында бар. Бұл туындыларда Қазақстан мен оның халқының соңғы жарты ғасырдағы тарихы суреттеледі.

Осынау поэтикалық хронологиядан тамыр тартқан қазақ ақындары 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында реалистік көзқараспен жырлай білді. Оқиғаның шынайылығы оның қазақ қоғамында көптен шешуін күткен мәселелердің шешімі болғанын желтоқсаншы ақын Қайрат Рысқұлбеков өз туындыларында шебер суреттеді. Сол секілді биік саяси мінбелерден Желтоқсан оқиғасының ақиқатына үңілген Мұхтар Шаханов та аталған оқиғаның әдеби бейнесін жасауға көп еңбек сіңіре білді.

Жалпы ХХ ғасырдың басындағы ақан-жазушыларымыз бен Кеңестік дәуірдегі қазақ поэзиясының жарқын өкілдерінің туындыларында ел, жер, қала мен дала, жаңа қоғам, ауыл өмірі, шаңырақ қасиеті, тіл, дін, діл, бостандық, азаттық секілді ауқымды тақырыптардың көптеп көтерілуі түптеп келгенде елдің тәуелсіздікті аңсап, оған қол жеткізу жолындағы асқақ арманы мен орамды ойларының өрістетудің өзегі болып табылатындығымен ерекшеленеді. Осылайша ғасырдан ғасырға жалғасып, ел жадында әр заманда жаңғырып, түрленіп, толығып, қанат жайған ұлы идея – тәуелсіздік идеясы баба мен ұрпақ арасындағы сабақтастыққа негіз болып поэзия тілімен суреттеліп отырды. Қазақ поэзиясы өзінің бірнеше ғасырлар тарихында еш ауақытта азаттық, еркіндік, тәуелсіз идеяларын назардан тыс қалдырмаған. Керісінше әр уақыттың тарихи, қоғамдық өмірінің сұранысына байланысты жаңа сапаға көтеріліп, әр кезеңнің әдебиеті бірін-бірі өзара сабақтастықта толықтырып, дамып отырған. Ұлттық әдебиетіміздің әр кезеңі салыстырмалы түрде қарағанда өзіне дейінгі әдеби бағыттарды, поэзиялық жырларды тақырыптық-идеялық тұрғыда өсіріп, көркейтіп тұрды. Бір-бірінің орнына келген поэзиялық туындылар өзіне дейінгі дәстүрлі қазақ поэзиясының шын мәніндегі өмірлік, қоғамдық мәні мен саяси функцияларын толықтай сақтай алмағынымен, шығармашылық дәстүрін, қалыпты эволюциялық дамуын одан әрі жалғастырып отырды. Түйіндеп айтқанда қазақ өмірін жан-жақты баяндаған дәстүрлі поэзия әр кезеңде өзіне сай көркемдік қуатымен, стильдік ерекшелігімен, дәстүрлі бағытымен дамыды [6, 35]. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ поэзиясы, қазақ әдебиеті секілді дәстүрлі түрде жаңашылдық сипатта дамып келді. Осы жерде әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық деген үлкен ұғымның көрінісін байқауымызға болады.

Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттану ғылымы үшін әдебиеттің барлық тенденциялық дамуын, бағыты мен сипатын, қол жеткізген жетістігі мен кемшіліктерін айқындап көрсететін маңызды компонент болып табылады. Дәстүр мен жаңашылдық бірінсіз-бірінің мәні мен мазмұны толықтай ашылмайтын, өзара тығыз бірліктегі категориялар. Проза мен поэзияға қатысты солай. Жаңашылдық дәстүрдің бастауы болса, оның негізгі мәні дәстүрге айналу болып келеді. Жаңалықсыз дәстүрдің болмайтыны секілді, дәстүрдің дәрежесіне көтеріле алмаса, ол да жаңалық емес болып қалады. Әдебиеттің қандай да бір мәселесі, қарастыратын объектісі болмасын осы дәстүр мен жаңашылдық категорияларының өзара бірлігі мен сабақтастығы тұрғысынан зерттеліп, зерделенгенде ғана әдебиет дамуының толықтай шынайы бейнесін, келбетін көруге болады [7, 22]. Бұл сұлу сөздің сұңқарын, сымбатын бар бітім-болмысымен шебер де әсерлі етіп бейнелейтін поэзияға да қатысты маңызды мәселе. Сондықтан, бүгінгі қазақ поэзиясы туралы сөз қозғағанда оны әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық категорияларының негізінде қарастырудың маңызы ерекше болмақ. Оның үстіне қазақ поэзиясы өзінің сан ғасырлық тарихында, әр кезеңде өзіндік ерекшеліктері мен қатар өлеңнің тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік танытқан әр кезеңінде қалыптасқан дәстүр бойынша дамып, жаңашылдық сипатын көрсетіп отырған.

Зерттеуші атаған жас ақындардың өздері бұл күнде алды екіден, соңы бірден өздерінің жеке жыр жинақтарын шығарып, әдебиетші қауымның алдында беделдерін өсіріп, әдеби айналымға тың ой, соны тақырыптарды енгізіп жатыр. Дәстүрге мойын бұра отырып біздер әдебиеттегі жаңа құбылыс дейтініміз сол көптеген жылғы жинақталған тәжірибенің, көркемдік дәстүрдің озығы, алдыңғы қатарында болуға тиістігін және “жаңашылдық дегеніміз көнерген, тозған дәстүрден арылып, өз заманының прогресшіл, ілгерішіл талабына сәйкес дәстүрден, өнегеден барып туындайтын құбылыс” [8, 45] екендігін бағамдаймыз.

Талқылау. Қазақ поэзиясындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бүгінгі күні жаңаша үрдіс ретінде көрініс беріп отыр. Уақытты қарсы алуы мен онымен санасу тұрғысынан алғанда жоғарыда есімдері аталған ақындардың және біз атаған тізімге ілікпей қалған басқа да шығармашылық иелерінің де жалпы дүниені танулары, уақыттың ағымына ілесе алуы жағынан екі түрлі бағытта қалыптасқандығын аңғарамыз. Сондай ақ, ХХ ғасыр басындағы және одан кейінгі уақыттардағы ақындардың шығармашылығынан қатаң

цензураның да көрініс беріп отырғандығын байқаймыз. Өкінішке орай, әдебиетімізде қалыптасқан бұл келеңсіз құбылыс еліміз тәуелсіздік алғанға дейін созылды. Дегенмен, цензуралық кезеңнің өзінде өзінде ақындарымыз барлық хал-қадірінше қоғамның шындығын бірде ашық, бірде астарлап жеткізіп жатты. Жүректен шыққан мұндай шынайы шындықтардың көркем әдебиетте поэтикалық түрде көркем сөзбен өрнектелуінің дәрежесі мен деңгейі өз алдына бөлек мәселе де, ол шындықтың айтылуы басқа әңгіме. Солақай саясат жүргізіп, қатаң цензура орнатқан Кеңес үкіметі кезінде ақ пен кара бояудың орнын түрлі-түсті, тіпті «түсініксіз» бояулардың алмастырып кеткендігі де шындық. Сондықтан, халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізіп, азаттықтың ақ таңа атқанда ғана елімізде сөз бостандығы, сөз өнері демократиялық жолмен дами түскендігі көңіл қуантады. Қалай айтсақ та, қалай болған күнде де «әдебиет мінберінен», «поэзия әлемінен» ашық әңгімелердің айтылып, шынайы жырлардың жырлануы тәуелсіздік кезеңінде көптеп айтыла бастағандығы белгілі. Мұны біз тәуелсіздіктің ең бірінші, әрі басты жетістігі деп түсінгеніміз абзал.

Мәселен Н. Айтұлының “Қазақ сиқы” өлеңіне назар аударсақ:

Сөз айтпаймын мен саған қитығардай,

Тұрмысыңның, қарашы, сиқы қандай?

Жалғыз үйден аумайсың жау тонаған,

Үрерге иті, сығарға биті қалмай?

... Бойға біткен бұйырмай құтың-дағы,

Төсеніштің қалмады бүтін жағы,

Екі қолың босамас борбайыңнан,

Тозған шалбар тоналса бұтыңдағы [9, 77].

Ақын бұл өлеңінде тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы қоғамда көрініс берген тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларды, халықтың жағдайы мен ұлт тағдырын баяндаған. Сондай ақ, ақынның осы өлеңінен оның азамматтық тұлғасы мен ұстанған негізгі нысанасы да айқын көрінеді. Мұншалықты қазақ қоғамының ашық сипатта суреттелуін ХХ ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің мұраларынан да көреміз. Сол кезеңнен кейінгі уақыттарда, яғни кеңестік әдебиет тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық тұрмысты мұншалықты суреттеуге қатаң тиымдардың салынғандығы белгілі.

Сонымен қатар, қоғамдық өзгерістер мен реформалардың аласапыранға түскен уақытында әдебиет ағымының да дами түсетіндігін аңғаруға болады. Оған ірі қоғамдық өзгерістер мен саяси реформалар орын алған өткен ғасырдың басындағы жағдайлардың әдеби дамуға тигізген ықпалынан көруімізге болады.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының шоқтығы биік ақындары төңкеріске дейінгі және одан кейінгі уақыттардағы елдің тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық құбылыстарды барынша анық, ашық айтуға тырысып бақты. Жоғарыда біз атап көрсеткен Несіпбек Айтұлының өлеңіндегі қоғамның шындығы өткен ғасырдың басындағы Мағжан ақынның қазақ өмірін суреттеп жазаған өлеңдерімен сабақтас, ұқсас болып келеді. Аталмыш ақындардың өлеңдерінің ұқсастықтары адамдардың өміріндегі орын алаған түрлі қоғамдық ерекшеліктерге де байланысты болса керек. Бұл орайда ақындардың әдебиет өкілі ретіндегі міндеттерінен қоғамның жаршысы ретіндегі азаматтық міндеттері үстем тұр. Олар ел өміріндегі келеңсіз тұстарды суреттеу арқылы барша шындықты айтуға тырысқан.

Сондай ақ, әдебиеттің, ондағы көркем шығармалар мен поэзиялық туындылардың көркемдік, тақырыптық-идеялық, жанрлық, стильдік және т.б. қырларының қауғалап өсіп, дамуына сол кезеңдегі сыртқы және ішкі факторлардың да белгілі бір деңгейде әсер еткендігін білеміз. Бұл орайда қоршаған ортаның қоғамдық маңызы өте айрықша. Жалпы сыртқы факторлар ретінде ата-бабамыздың ықылым замандардан мемлекетіміздің азаттығын, тәуелсіздігін, белгілеуін, соны мақсат тұтқандығын, елдің рухани тұрғыда жаңғыруын алуымызға болады. Осы сыртқы фактордың біздің әдебиеттің дамуына тигізген ықпалы зор болды. Мәселен, күллі адамзаттың дамуында қатыгездіктер мен қайшылықтарға,

алапат өзгерістерге, айтулы жетістіктерге толы болған ХХ ғасырдың ең басты жетістігі ол біздің тәуелсіздігіміз болды. Сондықтан бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының дамуы бұрынғы кезеңдерге қарағанда айрықша сипатта болғандығы анық. Бұл сарынның ұшқынын ұлттық поэзиямыздан да көруіміз еш қиындық тудырмайды. Өткен ғасырдың аяғында ақ, тәуелсіздікке байланысты том-том кітаптар жазылып, жүздеген өлең-жырлар айтылды. Олардың барлығында еркіндік пен азаттық идеясының көркемдік сипатының бояуы анық байқалып тұрды. Тәуелсіздігімізді алып, азат ел атанғаннан бастап ұлттық поэзиямыздағы шығармаларда көнетүркілік сарын, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт көптеген ақындардың айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Бұл топтағы ақындардың да шығармаларында азаттықтың ақ таңы мен тәтті тәуелсіздік туралы өзекті ойлардың көптен көрініс бергендігін аңғарамыз.

Мәселен, Тәуелсіздікті ақын Оңайгүл Тұржан:

Быт-шыт болды бодандықтың түрпісі,
Қандай сұлу азаттықтың күлкісі.
Сәби болып жүгіреді далада

Бостандықтың ғажап күміс күлкісі [10, 25]

–деп, бостандықты сәби күлкісінің сынғырымен өлшейді.

Ия, барлық елдің маңдайына біте бермейтін тәуелсіздік біздің халқымызға тәңірден жеткен тәтті сый секілді көрінетіндігі де рас. Сондықтан, ақынның оны бейкүнә сәбидің күлкісіне теңеуі де орынды болмақ. Тіпті қазіргі күннің өзінде тәуелсіздікке қол жеткізе алмай қаншама елдің шарқ ұрып жүргендігін көзімізбен көріп те жүрміз. Біздің халық бұл тәтті де қымбат ұғымның қадірін ерекше бағалайды, болашағын байыппен бағадайды деп білеміз. Оларды қазақ поэзиясындағы азаттық туралы жазылған өлеңдерден байқауға болады. Жалпы еркіндік, азаттық тақырыбы әдебиеттің мәңгілік тақырыптарының бірі де бірегейі. Сондықтан, алдағы уақыттарда да бұл тақырып әдебиеттің басты тақырыптарының бірі болып қала береді деген ойдамыз.

Ал енді ішкі факторларға саяси-әлеуметтік жағдайлардың тұйыққа тірелуі, адамдардың, соның ішінде шығармашылық субъектілерінің өздерінің әлеуметтік жағдайларының нашарлауы тәуелсіздіктің ішкі жағындағы кедергілерді көрсетеді. Біздің поэзияда, ақындарымыздың шығармашылығында бұл екі фактор да орын алды. Ақындарымыз сыртты факторларды бойларына сіңіре отырып, олардың трансформациялануы арқылы жаңа туындыларды дүниеге алып келді. Содан барып жалпы поэзиялық шығармаларды тұтастай қамтыған күйзеліс пен иналыс, мұңлы сарын, қатулы қабақ пайда болды. Біз тануға тиісті шындықтар көркем шығармалардан тіпті қоюлана түсіп, айқын көрініс бере бастағанын байқаймыз. Бұл қоғамдық орта қалыптастырған әрі әлеуметтік, әрі өмірлік шындық. Мәселен, Ш.Әбдікәрімовтың “Ел көшті” өлеңіндегі қазіргі қазақ елінің тағдыры былайша суреттелеген:

Сол сұрақ...

Сол бір сұрақ ырықты алып,
Шыбықтай тұрып кетем сынып барып.
Шықпайды көкейімнен жауабы әзір,
Тобықтай тамағыма тұрып қалып.
Дертінді жүрмесе де елеп ешкім,
Мен сезем,
Көзі соқыр көр емеспін.
Тау асқан Алаш жұртың аз ба саған,
Ана-жұрт,
Ата-жұрттан неге көштің? [11, 27]

– деген жолдарда белгісіздеу бір бөлшегі ел-жұрттың туған мекеніне қоныс аударуына баса назар аударған. Туған жер, ата қоныс қазақ халқы үшін қашанда ыстық, қымбат. Алайда адамның ол жерден ауа көшуі қазақ баласына төнген ауыртпашылықты көрсетсе керек.

Өлеңде ақын осы жайттарды көрсетуге барынша тырысып баққан. Ақын өзі тұрған Байқоңыр қаласының қазіргі геосаяси жағын барынша ақтарып, ұрандатудан гөрі елдің ата қонысынан ауа көшуін айту арқылы жалпы халыққа, қоғамға ой тастаған.

Қорытынды. Түйіндеп айтқанда, ХХ ғасыр басында тарих сахнасында патшалық Ресейді Кеңес одағы алмастыруы оқиғасы орын алды. Өз кезегінде әуелі патшалық Ресейдің кейіннен Кеңес одағының құрамында отар болған қазақ еліне бұл саяси оқиғалар да үлкен әсер етті. Бастысы халықтың белгілі бір бөлігінің көзі ашылды. Сауаттана бастады. Империядан Одаққа айналған елден азаттықты алып қалуға ұмтылған қазақ зиялылары жанкештілікпен әрекет етіп жатты. Олар бұл әрекеттерін нәтижеге бастайтын нәрсе әдебиет екенін сезе білді. Әдебиет болғанда халықтың негізгі бөлігі әлі де қараңғылық құшағында жатқандықтан оларға өз сөзін жеткізуді қазақ ақындары өлең сөзге сеніп тапсырды. Нәтижесінде М.Дулатов қазақты жырымен оятса, А.Байтұрсынұлы ұйқыдағы қазақты маса болып оятуды мақсат етті. М.Жұмабаев тәуелсіздік жолындағы майданда түбінде сөзсіз жеңіске жететін жастарға үлкен сенім артты.

Заманның шындығын сөз етіп, халықтың мақсат-мұраты болған тәуелсіздік төңірегінде ұлт болып ұйысуға шақырған ХХ ғасыр басындағы қазақ ақындарының өлеңдері 100 жыл өтсе де өзінің маңызын жоя қоймады. Олардың өлеңдеріндегі кеңестік жүйенің буынын бекітуге қарсы келетін осы бір жат элементті ХХ ғасырдың 30-жылдарында-ақ байқап қойған Кеңес Үкіметі қазақ ақындарының көбін қудалады. Сол арқылы әдебиеттегі қазақ халқының тәуелсіздік идеясын көтеруге тыйым да салуға тырысып бақты. Сонымен қатар, олар белгілі бір дәреже өз дегендеріне қол жеткізе алды. Дегенмен, қазақ ақындары қылышынан қан тамған кеңестік жүйенің қол астында, бақылауында өмір сүре жүріп те, біртұтас ел болуды жырлаудан аянып қалған емес. Мәселен бүгінде Қазақстан Республикасының Әнұраны болып қабылданған Жүмекен Нәжімеденовтің “Менің Қазақстаным” атты өлеңі ә-дегеннен өзін қазақ сезінетін әрбір жанның тұла бойын шымырлатып, олардың тәуелсіздік үшін күреске шақыра алады. Сол себептен де 1986 жылдың желтоқсанында Алматы қаласында кеңестік жүйенің озбыр саясатына қарсы шыққан қазақ жастары дәл осы әнді ұран етіп, алаңда шырқады. Тәуелсіздік алғаннан кейін туынды авторлары бұл әннің Қазақстанда тың игеру жылдары белең алып, республиканың солтүстіктегі 5 облысын Ресейге қосу сынды қитұрқы саяси шешімдерге қолға алынғалы тұрған шақта дүниеге келгенін айтты. “Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші” [12, 328] дегендей осынау қиын сәтте дүниеге келіп, тәуелсіздік идеясын мәтіндегі әрбір сөздің ығына жасырған өлеңнің күдіреті еріксіз таң қалдырады.

Тәуелсіздікке дейінгі жылдары Алаш алыптарының бірінен соң бірінің ақталуы да қазақ әдебиетіне үлкен дүмпуалып келді. Тіпті жамбылдық ақын Бауыржан Үсенов бір жылда атылып кеткен алыптардың аянышты халі суреттелетін «Қара машина» атты өлең жазып, қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік тақырыбын көтеру мәселесіне қозғау сала түсті. ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері мен ақындарымыз өзіне дейінгі замандарда негізі салынған дәстүрлі поэзияны одан әрі әртараптандырып, дамыта түсті. Ал олардан кейінгі Кеңестік дәуірдегі ақындарымыз, өз жырларымен халықтың рухын оятып, тәуелсіздік идеясының ел жадында жаңғыруын жеделдетуге күштерін салды. Мұның балығы, әдебиетіміздегі дәстүр мен жаңашылдық деп аталатын үлкен ұғымның көлемінде қарастырылатын ауқымды мәселеге айналғандығы анық. Бұл туралы Т.Шапайдың: “Дәстүр жалғастығы – әдебиет, соның ішінде поэзия үшін де, дамудың тамырдай магистральды арқауларының бірі” – деген пікірі еріксіз ойға оралады [13, 78].

Қоғамның өз-өзінен қожырап, жалпы ұранға айналған құндылықтар өзін-өзі жоққа шығара бастаған кезеңде, жаңа арна тауып ағуға ұмтылған шығармашылық тасқынын белгілі бір арнаға түсіре білген таланттар бұл күнде әдебиет айдынына өздерінің еркін жүзу алаңын жасай білді. Ойлау әлемінде қалыптасқан тұрақты шаблондарды бұзып, жария жайдақтықтан бөлек ойы нәзік, сыры терең, рухы қуатты лирикалық туындыларды өмірге алып келді. Осылайша поэзиялық шығармалар ішкі кеңістікке, ішкі қуатқа ие болды. Шығармашылық

субъектісінің дүниетанымы өзгеріп, танымдық құбылыстардың да басқа қырлары біртіндеп ашыла түсті. Яғни “өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың қасиет-сипатын, типтік тұрғыдан саралап көрсететін” [14, 45] шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері айқындала бастады. Бұл орайда біз әдебиеттегі барша жақсыны жоғарыдағы буынға таңып, оларды әрлеп, әшекейлеп түсуден аулақпыз. Айтпағымыз олардың алдындағы буынның өкілдері мойынсұна бастаған жария ұран, жасанды тамсанудың жойылғандығы, адам мен өмірдің бетпе-бет келіп, поэзиядағы кейіпкерлердің ішкі толғанысы, күрсінісі арқылы, ақындардың бұрынғыдай жадағай суреттеуден арылып, сол оқиғаға тікелей араласушы ретінде байқалғандығы [15, 88]. Сондықтан ойымызды түйіндеп, жүйелеп, қорыта келгенде айтарымыз, уақыт пен қоғамның сұранысын қабылдау призмасы тұрғысынан қарағанда, әдебиеттің даму ағымындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясының мәні мен маңызы айрықша.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Нұрғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. - 528 б.
2. Әбдіқадырова Т.Р., Әбдімомынов Е.Б. Алаш және ұлт әдебиеті (XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті). – Тараз, 2015. – 309 б.
3. Торайғыров С. Өлеңдер мен аудармалары. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Т.1.– 285 б.
4. Көпеев М.Ж. Таңдамалы: екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1998. –Т.1.– 246 б.
5. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. –Т.2. – 528 б.
6. Ерғөбек С.С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті (XIX-XXғ.ғ.). – Түркістан: Тұран, 2012. – 220 б.
7. Базарбаев М. Заман тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 365 б.
8. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1991. – 210 б.
9. Айтұлы Н. Рухымның падишасы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 147 б.
10. Тұржан О. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы. - Алматы: Ақиқат, 2003 - №9 - 134 б.
11. Әбдікәкімов Т. Ырауан: өлеңдер, балладалар, толғау. – Алматы: Атамұра, 2010. – 230 б.
12. Тебегенов Т., Асылбекұлы С. Жұмекен Нәжімеденов поэзиясының көркемдік сипаты. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология» сериясы, №4(74), 2020. – 483 б.
13. Шапай Т. Шын жүрек бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. – 280 б.
14. Ысқақ Д. Сын өнері: Әдеби сынның теориясы. - Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001 - 304 б.
15. Ержанова С.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері // Фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация. – Алматы, 2009. – 286 б.

References:

1. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. - Astana: Kultegin, 2002. - 528 b.
2. Abdyqadyrova T.R., Abdymominov E. B. Alash jane ulttyk adebiet (XX gasyr basyndaгы kazak adebieti). – Taraz, 2015. - 309 B.
3. Toraigyrov S. Olender men audarmalar. Eki tomdyk shygarmalar jynytygy. - Almaty: Gylym, 1993, T. 1– - 285 B.
4. Kopeev M.J. Tandamaly: Eki tomdyk. - Almaty: Gylym, 1998. T. 1– - 246 B.
5. Jeti gasyr jyrlaidy: eki tomdyk. - Almaty: Jazyshy, 2008. - T. 2 – - 528 B.
6. Ergobek S.S. Dasturli kazak jazba adebieti (XIX-XX gg.). - Turkistan: Turan, 2012. - 220 b.
7. Bazarbaev M. Zaman tudirgan adebiet. Almaty: Jibek Joly, 2005. – 365 B.
8. Kazak poeziasyndagy dastur ulasuy. Almaty: Gylym, 1991. – 210 B.
9. Aituly N. Ruhymyn padishasy. - Almaty: Jazushy, 2005. - 147 b.
10. Turjan O. Mahambet olenderinin poetikasy. - Almaty: Akikat, 2003. - № 9. - 134 b.
11. Abdikakimov T. Irauan: olender, balladalar, tolgay. - Almaty: Atamura, 2010. – 230 b.

12. Tebegenov T., Asylbekuly S. *Jumeken Najimedenov poeziasynyn korkemdik sıpaty.* - *Almaty: Kazupi habarshysy. Abai, Filologia Seriasy, №4(74), 2020. – 483 B.*
13. Shapaı T. *Shyn jurek, bir jurek.* - *Almaty: Jazushy, 1999. - 280 B.*
14. Iskak D. *Syn oneri: adeby synnin teoriasy.* - *Almaty: Kazakparat, 2001. - 304 b.*
15. Erjanova S. B. *Tauelsizdik kezenindegi kazak poeziasynyn korkemdik tutastygi maseleleri // Filol. gylım. gylımy doktory darejesin aluga daiydalgan. disertasiya. Almaty, 2009. - 286 b.*